«Айгерім»балабақшасы

# Жаңа жылдық ертеңгілік

# «Екі Аяз»

**«Ботақан» ортаңғы тобы**

**2016-2017 оқу жылы**

Д. Вес. Н.Г ~ 12

Выход Д.М (1)

**«Екі Аяз» ертеңгілігі**

**Аяз-ата:** Балаларға арналған сыйлықты осы жерге қойып кетейін. Қазір екі Аязым келіп алып кету керек. Мен басқа тірліктерімді бітіре берейін. *(кетеді)*

*Мыстан апаның қыздары шығып, шулап сыйлықты ауыстырып қояды.* Выход Б.Ёж

Д. Вес. Н. год ~ 27 (2)

*Мыстан қыздары:* - Апамыз бізге не деді?
- Аяз атаны тап деді.
- Сыйлығын ұрлап кет деді.
- Міне Аяз-атаны таптық, сыйлығын ұрлап қаштық.
- Орнына қойдық тесік қапшық. *(кетеді)*

Вход детей ж-ж ~ 52 (3)

**Жүрізуші:** Құрметті балалар, ата-аналар біз шамалы уақыттан соң жаңа жылды қарсы алғалы отырмыз. Келе жатқан жаңа жыл, бізге тек қана жақсылық әкелсін. Бәрімізгі ортақ мына кішкентай бүлдіршіндер көзімізді қуантып жүре берсін, мерекелеріңіз құтты болсын!

1. Жаңа жылды қарсы алып,
   Жасаймыз той жылда біз.
   Жарқын-жарқын ән салып,
   Жалғасады жылға жыл.
   Құтты болсын баршаға,
   Келген жаңа жылымыз.
2. Жаңа жылда алдағы,
   Көңіл өсіп кеңейсін.
   Ортақ ойы, арманы,
   Жақсы дәстүр көбесін.
3. Келді тағы жаңа жыл,
   Қуантумен біздерді.
   Құтты болсын қуаныш,
   Құттықтаймыз сіздерді.
4. Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
   Таңырқанып тұрмаңыздар.
   Сәнді шырша шақырады,
   Шырша жырын жырлаңыздар.

***<u>ӘН «ЖАҢА ЖЫЛ»</u>*** Д. 1 ~ 32 (ж-ж) (4)

Ортаға екі Аяз шығады. Выход двух Морозов. (5)
Қолдарында қапшықтар.
Бір-біріне қолдарын шапалақтап.

**1-ші Аяз:** - Ой-йй жаңағыларды әнбен жаураттық қой, ия?

**2-ші Аяз:** - Ия, ысқырып-ысқырып, шапанының арасына кіріп әбден үсіттік.

**1-ші Аяз:** - Ау, мына жерде адамдар көп қой, мереке болайын деп жатыр-ау деймін.

**2-ші Аяз:** - Онда неге тұрмыз бұларды да жауратайық – деп ысқырып, екеуі екі жаққа кетеді. (отырғандардың бәрі жаурайды).

**Жүргізуші:** - Ау, мына екі Ая не істеп жүр өзі, қане тоқтаңдар. Сендер қайдан жүрсіңдер?

**1-ші Аяз:** - Бізді Аяз ата жіберді.

**Жүргізуші:** - Не сонда, Аяз ата барып балаларды жауратыңдар деді ме?

**1-ші Аяз:** - Жоқ, мен барғанша балаларға өз өнерлеріңді көрсетіңдер, бірге болыңдар – деп сыйлығын беріп жіберді.

**Жүргізуші:** - Онда бас салып жауратпай өнерлеріңді көрсетіңдер. Ал сыйлықты Аяз ата келгенде өзі көрсетеді.

**1-ші Аяз:** - Мұнда біздің достарымыз бар.

**2-ші Аяз:** Көө-ө-ө-п!

**Жүргізуші:** Қане, шақырыңдар.

*Екеуі ысқырып достарын шақырады.*

***БИ «АЯЗДАР»*** (6)

**Жүргізуші:** Қандай керемет би, біз мұнда жаурамақ түгілі ысып кете жаздадық.
- Ия, Аяздар сендер керемет билейсіңдер біздің балаларымыз керемет ән айта алады, қане тыңдап көріңдерші.

***ӘН «ЕЛОЧКА»*** играть С дип

**Жүргізуші:** Аяздар сендерге ән ұнады ма?

**Аяздар:** Ия.

*(Осы кезде ортаға ұлпақар жылап келеді)* Выходит плачет Снежинка „Белые снежинки"

**Жүргізуші:** Ұлпақар сен неге көңілсізсің?

**Ұлпақар:** Сонау алыс жолдармен,
Ойлы-қырлы сайлармен,
Аяз – ата жол бастап,
Ұлпақарлар қос-қостап,
Мерекеге асығып,
Келе жаттық шаттанып,
Жолдың бәрін жасырып,
Боран соқты кенеттен.
Ұлпалардан айырылып,
Келдім содан адасып.

**Жүргізуші:** Ой, ұлпақар еш уайымдама, сен біздің мерекеге дәл келді. Ал, адасқан ұлпақарларды табуға біздің балалар мен екі Аяз көмектеседі, солай ма балалар?

**Балалар:** Ия!

***ӘН «ҰЛПАҚАРЛАР»*** А.2 ~ 2 (қыс) (7)

*(Баннердің артынан ұлпақарлар шығады)*

***БИ «ҰЛПАҚАРЛАР»*** (8)

**Жүргізуші:** Ал, ұлпақарлар Аяз-ата қайда?

**Ұлпақарлар:** Білмейміз.

**Жүргізуші:** Онда, Аяз ата орманда әлі адасып жүрген екен ғой! Кәне, бәріміз Аяз-Атаны шақырайық.

**Бәрі:** Аяз Ата! Выход Аяз Ата (9)

**Аяз-ата:** Міне, міне мен қалдым.
Құтты болсын балалар,
Келген жаңа жылдарың.
Алаңдамай өсіңдер,
Еркелей ұл – қыздарым.
Өткен жылы келіп ем,
Бәріңді де көріп ем,
Жыл өткізіп келем деп,
Уәдемді де беріп ем!
Амансыңдар ма, балалар,
Амансыңдар ма, қонақтар!

**Жүргізуші:** Қош келдің, Аяз-Атамыз,
Босқа қарап тұрмаңыз.
Ойын ойнап, бізбенен,
Қалыңыз бір шаттанып.

***ОЙЫН:*** Направо - налево. Д.1 ~ 1 (поставить!!!) не садимся

**Аяз-ата:** Оу, балалар, шыршаларың неге жанбай тұр. Бұл жарамайды. Кәне, шырша отын жағайық!

**Қане, бізді таңырқат, Шамдарыңды жарқырат.** Волшебство (10)

**Жүргізуші:** Аяз-ата біздің балалар сізді әбден сағыны, өздерінің өнерлерін көрсетуге асығып отыр.

***ӘН «АЯЗ АТА»*** Д.3 ~ 2 (А.М.) (11)

*Тақпақтар:*

1. Ақшақарға малынып,
   Аппақ тонын жамылып,
   Сақалы мен мұртына,
   Күміс моншақ тағылып,
   Аяз-ата келіп қалды,
   Балаларды сағынып.

2. Қош келдің Аяз-ата,
   Болып бізге сыйлы қонақ.
   Қарсы аламыз құрмет етіп,
   Жаңа жылдың нұрына орап.

3. Жаңадан тақпақ,
   Аламыз жаттап.
   Жаңа жыл келді,
   Жаңа жыл аппақ,

4. Аспан жерге төгеді,
   Ақ күмісін уыстап.
   Жаңа жылда келеді,
   Бізге қарай жылыстап.

5. Аяз-ата келіңіз,
   Тамашаны көріңіз.
   Балаларға арналған,
   Сыйлықтарды беріңіз.

**Аяз ата:** Менің мұнда кішкентай Аяздарым бар еді ғой, кане сыйлықтарды әкеліңдер. *(Аяздар сыйлықтарды әкеледі)*. Қапшықтар бос.

***ОЙЫН «ТУННЕЛЬ»*** (12)

**Жүргізуші:** Аяз-ата сыйлықтар жоқ, қапшығыңыз тесік екен!

**Аяз-ата:** Қап бәлем, бұл Мыстанның ісі ғой. Бағана орманға қойған сыйлықтарды ауыстырып кеткен екен ғой.

Кәне, Аяздар кеш болмай тұрғанда тез ормандағы Мыстанападан сыйлықтарды алып келіңдер. *(шырша артына кетеді)*

*Осы кезде шырша артынан Мыстан апаның қыздары шығады.*

***БИ «ЯГУСЬКИ»*** (13)

*Биден соң екі Аяз келіп:*

**1-ші Аяз:** Қап бәлем, бұл сыйлықтар балаларға арналған тез беріңдер.

**2-ші Аяз:** Бермесеңдер, қазір үсітіп жібереміз – *деп Мыстанның қыздарын қуа жөнеледі.*

**Жүргізуші:** Аяз-ата екі Аяз сыйлықтарды алып келгенше біз мерекені жалғастыра берейік.

***ӘН «ҚЫС»*** Д.4 – 34 (Хохлы) (14)

*Тақпақтар:*

1. Шырша айналып, әндетіп,
   Би билейік сәнді етіп.
   Қандай жақсы жаңа жыл,
   Өткізейік мәнді етіп.

2. Қала нұр, дала нұр,
   Құтты болсын жаңа жыл.
   Шырша жаны көңілді,
   Билеп барлық бала жүр.

3. Тілеймін мен бар әлемге,
   Дос көп болсын жанашыр.
   Балаларға, қонақтарға,
   Құтты болсын жаңа жыл.

***БИ «ЗИМНИЙ»*** (15)

*Залға екі Аяз жүгіріп келеді.*

**Екі аяз:** Аяз-ата, Аяз-ата біз сыйлықтарды алып келдік.

**Аяз-ата:** Жарайсыңдар ұлдарым, рахмет сендерге.

16 17 18 (Казнов.)